



## Қазақстан Республикасы мен Грузия арасындағы Консулдық конвенцияны бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1999 жылғы 6 сәуір N 371-І

Алматыда 1997 жылғы 11 қарашада жасалған Қазақстан Республикасы мен Грузия арасындағы Консулдық конвенция бекітілсін.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Қазақстан Республикасы мен Грузия арасындағы  
Консулдық конвенция

(ҚР халықаралық шарттары бюллетені, 2000 ж., N 5, 50-құжат)  
(1999 жылғы 21 тамызда күшіне енді - "Дипломатия жаршысы" ж.,  
Арнайы шығарылым N 2, 2000 жылғы қыркүйек, 81 бет)

Бұдан былай "Уағдаласушы Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Грузия,  
екі ел арасындағы достық қатынастарды одан әрі дамыту және өз азаматтарының құқықтары мен мүдделерін анағұрлым тиімді қорғау тілегін басшылыққа ала отырып,  
1963 жылғы 24 сәуірдегі Консулдық қатынастар жөніндегі Вена конвенциясының ережелерін негізге ала отырып,  
осы Конвенцияны жасауды ұйғарды және төмендегілер туралы уағдаласты:

1-бап  
Анықтамалар

Осы Конвенцияда төменде келтірілетін терминдердің мынадай мағынасы бар:

- 1) "консулдық мекеме" - кез келген бас консулдықты, консулдықты, вице-консулдықты немесе консулдық агенттікті білдіреді;
- 2) "консулдық округ" - консулдық міндетті орындау үшін консулдық мекемеге бөлініп берілген ауданды білдіреді;
- 3) "консулдық мекеменің басшысы" - осы сипатта іс-әрекет жасау тапсырылған адамды білдіреді;
- 4) "консулдық қызмет адамы" - консулдық мекеменің басшысын қоса алғанда, осы сипатта консулдық міндеттерді орындау тапсырылған кез келген адамды білдіреді;
- 5) "консулдық қызметші" - консулдық мекемеде әкімшілік немесе техникалық міндеттерді орындайтын кез келген адамды білдіреді;
- 6) "қызмет көрсетуші персоналдың қызметкері" - консулдық мекемеге қызмет көрсету жөніндегі міндеттерді орындайтын кез келген адамды білдіреді;
- 7) "консулдық мекеменің қызметкерлері" - консулдық қызмет адамдарын, консулдық қызметшілерді және қызмет көрсетуші персоналдың қызметкерлерін білдіреді;
- 8) "консулдық персоналдың қызметкерлері" - консулдық қызмет адамдарын ( консулдық мекеменің басшысын қоспағанда) сондай-ақ консулдық қызметшілерді және қызмет көрсетуші персоналдың қызметкерлерін білдіреді;
- 9) "жеке үй қызметкері" - консулдық мекеме қызметкерінің жеке үй қызметінде ғана тұрған адамды білдіреді;
  
- 10) "отбасы мүшесі" - консулдық мекеме қызметкерлерінің жұбайы (зайыбы), олармен бірге тұрып жатқан және олардың асырауындағы оның балалары мен ата-аналары, сондай-ақ оның зайыбының (жұбайының) ата-аналары;
- 11) "консулдық үй-жайлар" - консулдық мекеме үшін ғана пайдаланылатын ғимаратты немесе ғимараттың бір бөлігін және оларға меншік құқығы кімге тиесілі болғанына қарамастан осы ғимаратқа немесе ғимараттың бір бөлігіне қызмет көрсететін жер учаскесін білдіреді;
- 12) "консулдық архивтер" - барлық қағаздарды, құжаттарды, хат-хабарларды, кітаптарды, фильмдерді, бейне және үн таспа жазбаларды, дискеттерді және шифрлар мен кодтарды, картотекаларды және олардың бүлінбеуі мен сақталуын қамтамасыз етуге арналған үй жабдықтары заттарының кез келгенін қоса алғанда консулдық мекеменің тізілімдерін қамтиды;
- 13) "азамат" - Уағдаласушы Тараптардың біреуінің азаматы болып табылатын адамды немесе осы мемлекеттердің біреуінде тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адамды білдіреді;
- 14) "өкілдігін жіберген мемлекеттің кемесі" - әскери кемелерді қоспағанда, өкілдігін жіберген мемлекеттің жалауы астында жүзуге құқығы бар және осы мемлекетте

тіркелген кез келген кемеңі білдіреді;

15) "өкілдігін жіберген мемлекеттің әуе кемесі"- әскери ұшу аппараттарын қоспағанда, өкілдігін жіберген мемлекетте тіркелген және осы мемлекеттің айырым белгілерін алуға құқығы бар кез келген ұшу аппаратын білдіреді.

## 2-бап

### Консулдық мекемелердің ашылуы

1. Өкілдігін жіберген мемлекеттің консулдық мекемесі консулдық орналасқан мемлекеттің аумағында консулдық орналасқан мемлекеттің келісімімен ғана ашыла алады.

2. Консулдық мекеменің орналасатын жері, оның дәрежесі, консулдық округ және консулдық қызмет адамдарының саны өкілдігін жіберген мемлекет пен консулдық орналасқан мемлекеттің арасындағы келісім бойынша анықталады.

3. Консулдық мекеме орналасатын жердің, оның дәрежесінің және консулдық округтің немесе консулдық қызмет адамдары санының одан әрі өзгеруін консулдық орналасқан мемлекеттің келісімімен ғана өкілдігін жіберген мемлекет жүзеге асыра алады.

4. Консулдық орналасқан мемлекеттің келісімі сондай-ақ, егер қандай да бір бас консулдық немесе консулдық, өзі орналасқан елді мекеннен тысқары жерде вице-консулдық немесе консулдық агенттігін ашқысы келсе де талап етіледі.

5. Консулдық орналасқан мемлекеттің алдын ала айқын білдірілген келісімі сондай-ақ бұрыннан бар консулдық мекеменің бір бөлігін құрайтын, осы соңғысының тұрғылықты орнынан тысқары жерде кеңсе ашу үшін де қажет.

## 3-бап

### Консулдық мекеме басшысын тағайындау

1. Консулдық мекеме басшысы тағайындалғанға дейін өкілдігін жіберген мемлекет дипломатиялық немесе өзге де тиісті арналар арқылы консулдық орналасқан мемлекеттің ұсынылып отырған адамға қатысты келісімін алуға тиіс.

2. Егер консулдық орналасқан мемлекет қандай да бір адамның консулдық мекеме басшысы ретінде тағайындалуына келісімін бермесе, өкілдігін жіберген мемлекетке мұндай бас тартудың себептерін хабарлауға міндетті емес.

3. Өкілдігін жіберген мемлекет дипломатиялық арналар арқылы консулдық орналасқан мемлекеттің Сыртқы істер министріне консулдық мекеме басшысын тағайындау үшін патентті немесе оған ұқсас басқа құжатты жібереді. Бұл құжатта консулдық мекеме басшысының толық аты, тегі, оның азаматтығы, сыныбы, консулдық округі және консулдық мекеменің орналасқан жері көрсетіледі.

4. Консулдық мекеме басшысын тағайындау үшін консулдық патент немесе оған ұқсас басқа құжат алған соң консулдық орналасқан мемлекет оған экзекватура деп аталатын, мұндай рұқсат қандай нысанда болса да, рұқсат береді. Экзекватураны немесе өзге рұқсатты беруден бас тартқан консулдық орналасқан мемлекет өкілдігін жіберген мемлекетке мұндай бас тартудың себептерін хабарлауға міндетті емес.

5. Осы баптың 6-тармағында және 4-бапта көзделген жағдайларды қоспағанда, консулдық мекеме басшысы әлгіндей экзекватураны немесе өзге рұқсатты алғаннан соң ғана өз міндеттерін орындауға кірісе алады.

6. Консулдық орналасқан мемлекет консулдық мекеме басшысына экзекватура немесе өзге рұқсат берілгенге дейін оның өз міндеттерін уақытша орындауына жол бере алады. Бұл жағдайда осы Конвенцияның ережелері қолданылады.

7. Консулдық мекеме басшысының, уақытша болса да, өз міндеттерін орындауына жол берілген бойда консулдық орналасқан мемлекет бұл туралы консулдық округтің құзыретті органдарына шұғыл түрде мәлімдейді. Бұдан басқа ол консулдық мекеме басшысы өзінің қызмет бабындағы міндеттерін атқара алуы және осы Конвенциядан туындайтын артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдалана алуы үшін қажетті шаралардың қабылдануын қамтамасыз етеді.

#### 4-бап

##### Консулдық мекеме басшысының міндеттерін уақытша орындау

1. Егер консулдық мекеменің басшысы қандай да бір себеппен өзінің міндеттерін орындай алмаса немесе егер консулдық мекеме басшысының қызмет орны бос болса, өкілдігін жіберген мемлекет консулдық орналасқан мемлекеттегі осы немесе басқа консулдық мекеменің консулдық қызмет адамына немесе консулдық орналасқан мемлекеттегі дипломатиялық өкілдік мүшелерінің біріне консулдық мекеме басшысының міндеттерін уақытша орындауға уәкілеттік бере алады.

2. Консулдық мекеме басшысының міндеттерін атқарушының толық аты мен тегін консулдық орналасқан мемлекеттің Сыртқы істер министрлігіне немесе осы министрлік көрсеткен органға өкілдігін жіберген мемлекеттің дипломатиялық өкілдігі немесе, егер өкілдігін жіберген мемлекеттің консулдық орналасқан мемлекетте мұндай өкілдігі болмаса - консулдық мекеменің басшысы немесе, егер оның мұны жасайтын мүмкіндігі болмаса - өкілдігін жіберген мемлекеттің кез келген құзыретті органы хабарлайды. Әдетте, мұндай хабар алдын ала жасалады.

3. Консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті органдары консулдық мекеме басшысы міндетін атқарушыға көмек көрсетеді және қорғайды. Ол консулдық мекемені басқарып тұрған уақытта, оған тиісті консулдық мекеме басшысы сияқты негізде осы Конвенцияның ережелері қолданылады.

4. Егер өкілдігін жіберген мемлекеттің дипломатиялық өкілдігінің дипломатиялық персонал мүшесін консулдық орналасқан мемлекетте өкілдігін жіберген мемлекет осы баптың 1-тармағының ережелеріне сәйкес консулдық мекеменің басшысы міндеттерін уақытша атқарушы етіп тағайындаса, ол консулдық орналасқан мемлекеттің қарсылығы болмаған жағдайда, дипломатиялық артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдалануды жалғастыра береді.

#### 5-бап

#### Консулдық персонал қызметкерлерін тағайындау

1. Осы Конвенциясының 2, 6 және 7-баптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, өкілдігін жіберген мемлекет консулдық персонал қызметкерлерін еркін тағайындай алады.

2. Өкілдігін жіберген мемлекет консулдық орналасқан мемлекетке, егер консулдық орналасқан мемлекет 7-баптың 3-тармағында көзделген өз құқықтарын жүзеге асыруды ниет етсе, консулдық мекеме басшысынан басқа барлық консулдық қызмет адамдарының толық аты мен тегін, санатын және сыныбын алдын ала хабарлайды.

3. Консулдық орналасқан мемлекет осы мемлекеттің бекітілген тәртібіне сәйкес консулдық мекеменің барлық қызметкерлеріне және олардың отбасы мүшелеріне өздерінің консулдық мекеме қызметкерлері және олардың отбасы мүшелері мәртебесін растайтын жеке басының куәлігін береді.

#### 6-бап

#### Консулдық қызмет адамдарының азаматтығы

Консулдық қызмет адамы өкілдігін жіберген мемлекеттің азаматы болуға тиіс.

## 7-бап

### "Persona non grata" деп жарияланған адамдар

1. Консулдық орналасқан мемлекет кез келген уақытта өкілдігін жіберген мемлекетке дипломатиялық арналар арқылы белгілі бір консулдық қызмет адамының "persona non grata" болып табылатындығы немесе консулдық персоналдың кез келген қызметкерінің қолайсыз болып табылатындығы туралы мәлімдей алады. Мұндай жағдайда өкілдігін жіберген мемлекет сол адамды тиісінше кері шақырып алуға немесе оның консулдық мекемедегі қызметін тоқтатуға тиіс.

2. Егер өкілдігін жіберген мемлекет ақылға қонымды мерзім ішінде осы баптың 1-тармағында көзделген өз міндеттемелерін орындаудан бас тартса немесе орындамаса, консулдық орналасқан мемлекет тиісінше әлгі адамның экзекватурасының немесе өзге де рұқсатының күшін жояды немесе оны консулдық персонал қызметкері деп санауды тоқтатады.

3. Консулдық мекеме қызметкері ретінде тағайындалған адам консулдық орналасқан мемлекеттің аумағына келгенге дейін немесе, егер ол консулдық орналасқан мемлекетке келіп үлгерсе, консулдық мекемеде өз міндеттерін атқаруға кіріскенге дейін қолайсыз деп жариялануы мүмкін. Кез келген осындай жағдайда өкілдігін жіберген мемлекет оны тағайындаудың күшін жояды.

4. Осы баптың 1 және 3-тармақтарында көрсетілген жағдайларда консулдық орналасқан мемлекет өз шешімінің себептерін өкілдігін жіберген мемлекетке хабарлауға міндетті емес.

## 8-бап

Тағайындау, келу және кету туралы  
консулдық орналасқан мемлекетке мәлімдеу

1. Консулдық орналасқан мемлекеттің Сыртқы істер министрлігіне немесе осы министрлік нұсқаған органға:

а) Консулдық мекеме қызметкерлерінің тағайындалулары, тағайындалғаннан кейін олардың консулдық мекемеге келгені туралы, олардың түпкілікті кеткені немесе олардың қызметін тоқтатқаны туралы және олардың консулдық мекемедегі жұмысы кезінде болуы мүмкін, олардың мәртебесіне ықпал ететін басқа да өзгерістер туралы;

б) консулдық мекеме қызметкерінің отбасы мүшесі болып табылатын және онымен тұрақты түрде тұратын адамның келуі немесе түпкілікті кетуі туралы, сондай-ақ, тиісті жағдайларда, белгілі бір адам отбасының мүшесі болатыны немесе бұдан былай болмайтыны туралы;

с) жеке үй қызметкерлерінің келуі және түпкілікті кетуі туралы және, тиісті жағдайларда, олардың осы сипаттағы қызметінің тоқтатылуы туралы;

д) артықшылықтар мен иммунитеттерге құқығы бар консулдық мекеме қызметкерлері немесе жеке үй қызметкерлері ретінде консулдық орналасқан мемлекетте тұратын адамдарды жалдау және жұмыстан босату туралы мәлімденеді.

2. Келуі немесе түпкілікті кетуі туралы мәлімдеме мүмкіндігінше алдын ала жасалуы тиіс.

## 9-бап

### Консулдық және тұрғын үй-жайларды сатып алу

1. Өкілдігін жіберген мемлекет немесе ол уәкілеттік берген кез келген жеке немесе заңды тұлға консулдық орналасқан мемлекеттің заңдары мен ережелеріне сәйкес және осы мемлекеттің келісімімен:

а) ғимаратты немесе ғимараттың бір бөлігін консулдық мекеменің үй-жайы, консулдық мекеме басшысының резиденциясы ретінде, сондай-ақ консулдық орналасқан мемлекеттің азаматы болып табылмайтын немесе осы мемлекетте тұрақты тұрағы жоқ кез келген консулдық қызмет адамына және кез келген консулдық қызметшіге тұрғын үй-жай ретінде жеке меншігіне сатып алуға немесе жалға алуға;

б) қайтарымды негізде пайдалануға берілетін жер учаскелерінде ғимарат салуға немесе осы мақсатпен ғимаратты бейімдеуге құқығы бар.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген шарттарға сәйкес өкілдігін жіберген мемлекет сондай-ақ осындай консулдық және тұрғын үй-жайларды немесе жерді

жақсарта алады.

3. Консулдық орналасқан мемлекет қажет болған жағдайда өкілдігін жіберген мемлекетке осы баптың 1 және 2-тармақтарында көрсетілген құқықтарды жүзеге асыру кезінде тиісті көмек пен қолдау көрсетеді.

4. Осы баптың ешбір ережесі өкілдігін жіберген мемлекетті консулдық орналасқан мемлекеттің ғимараттардың орналасуы мен құрылымын реттейтін, сондай-ақ қалалық жобалау мен аудандастыруды реттейтін заңдары мен ережелерін сақтау жауапкершілігінен босату сипатында түсіндірілмеуі керек.

## 10-бап

### Құрметті консулдық қызмет адамдары

Егер екі Уағдаласушы Тарап құрметті консулдық қызмет адамын тағайындауға келісетін болса, олар осы Конвенция ережелерінің және әдеттегі халықаралық құқық нормаларының негізінде құрметті консулдық қызмет адамдарына қолданылатын режимді анықтау мақсатында тиісті келісімдер жасасу мәселелері жөнінде бір-бірімен кеңесетін болады.

## 11-бап

### Консулдық мекемелер мен консулдық мекемелер қызметкерлерін қорғау және оларға жағдай жасауды қамтамасыз ету

1. Консулдық орналасқан мемлекет консулдық мекеменің өз міндеттерін атқаруы үшін барлық жағдайларды қамтамасыз етеді.

2. Консулдық орналасқан мемлекет консулдық қызмет адамдарына тиісінше құрметпен қарайды және консулдық қызмет адамдарының немесе консулдық орналасқан мемлекеттің азаматтары болып табылмайтын және заңды негізде тұрақты



тұрғын орнына рұқсат етілген, консулдық орналасқан мемлекетте шетелдік мәртебесі жоқ консулдық мекеменің өзге де қызметкерлерінің, сондай-ақ жоғарыда аталған адамдардың кез келгенімен тұрақты түрде тұратын отбасы мүшелерінің жеке басына, бостандығына немесе ар-намысына қандай да бір қиянат жасаудың алдын алу үшін барлық тиісті шараларды қабылдайды.

## 12-бап

### Мемлекеттік жалау мен елтаңба

1. Өкілдігін жіберген мемлекет осы баптың ережелеріне сәйкес консулдық орналасқан мемлекетте өзінің мемлекеттік жалауы мен елтаңбасын пайдалануға құқылы.

2. Өкілдігін жіберген мемлекеттің мемлекеттік жалауы мен мемлекеттік елтаңбасы консулдық мекеме орналасқан ғимаратқа, оның сыртқы есіктеріне ілінеді және бекітіледі, сондай-ақ консулдық мекеме басшысының резиденциясына және қызмет бабындағы міндеттерін атқаруға байланысты болғанда, оның көлік құралдарына ілінеді.

3. Осы бапта көзделген құқықтарды жүзеге асыру кезінде өкілдігін жіберген мемлекет консулдық орналасқан мемлекеттің заңдарын, ережелерін және әдет-ғұрпын сақтайды.

## 13-бап

### Консулдық үй-жайларға қол сұғылмаушылық

1. Консулдық үй-жайларға қол сұғылмайды.

2. Консулдық орналасқан мемлекеттің өкімет орындары консулдық мекеме басшысының, мемлекеттің дипломатиялық өкілдігі басшысының немесе олардың біреуі тағайындаған адамның келісімінсіз консулдық мекеменің жұмысы үшін ғана

пайдаланылатын консулдық үй-жайдың бөлігіне кіре алмайды.

Консулдық үй-жайда өрт шыққан немесе консулдық үй-жайға тікелей жақын орналасқан консулдық орналасқан мемлекет азаматтарының қауіпсіздігі мен мүлкінің сақталуына қауіп төндіретін өзге де табиғат апаты жағдайында мұндай келісім қысқа мерзім ішінде беріледі.

3. Консулдық орналасқан мемлекетке консулдық үй-жайларды әрқилы баса-көктеп кіруден немесе зиян келтіруден қорғау үшін және консулдық мекеме тыныштығын бұзушылықты немесе оның абыройын қорлауды болдырмау үшін барлық тиісті шараларды қабылдаудың арнайы міндеті жүктеледі.

4. Консулдық үй-жайлар, олардың үй жабдықтарының заттары, консулдық мекеменің мүлкі, сондай-ақ оның көлік құралдары мемлекеттік қорғаныс пен қоғамдық мұқтаждық мақсатында реквизициялаудың кез келген түрінен иммунитетті пайдаланады.

## 14-бап

### Консулдық архив пен құжаттарға қол сұғылмаушылық

Консулдық архивтер мен консулдық құжаттарға кез келген уақытта және олардың қайда орналасқанына қарамастан қол сұғылмайды.

## 15-бап

### Консулдық үй-жайларды салықтардан босату

1. Консулдық орналасқан мемлекет:

- а) өкілдігін жіберген мемлекеттің немесе оның өкілі атынан сатып алынған консулдық үй-жайларды және консулдық мекеме қызметкерлерінің тұрғын үй-жайларын, сондай-ақ аталған мүлікті сатып алуға қатысты шарттар мен актілерді;
- б) консулдық мекеменің ресми мақсаттар үшін заңды түрде сатып алған

жылжымалы мүлкі мен көлік құралдарын, сондай-ақ оларды сатып алу, иелік ету немесе ұстауға қатысты салықтар мен алымдардан босатады.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген салықтардан босату консулдық орналасқан мемлекеттің заңдары мен ережелері бойынша өкілдігін жіберген мемлекетпен немесе оның атынан іс-әрекет жасайтын адаммен шарт жасасқан адамдарға салынатын алымдарға, баж салықтарына және салықтарға қолданылмайды.

## 16-бап

### Жүріп-тұру еркіндігі

Консулдық орналасқан мемлекет мемлекеттік қауіпсіздік түсінігімен кіруге тыйым салынған немесе шектелген аймақтар туралы заңдар мен ережелерге қайшы келмейтін болғандықтан консулдық округ аумағы бойынша консулдық мекеменің барлық қызметкерлерінің жүріп-тұруы мен сапарға шығу еркіндігін қамтамасыз етеді.

## 17-бап

### Қарым-қатынас еркіндігі

1. Консулдық орналасқан мемлекет барлық ресми мақсаттар үшін консулдық мекеме қарым-қатынастарының еркіндігіне рұқсат беруге және қорғауға тиіс. Өкілдігін жіберген мемлекеттің үкіметімен, дипломатиялық өкілдіктерімен және олар қай жерде орналасса да, басқа да консулдық мекемелерімен қарым-қатынас жасаған кезде, консулдық мекеме дипломатиялық және консулдық курьерлерді, дипломатиялық және консулдық вализаларды және кодталған немесе шифрланған хабарды қоса алғанда,

барлық жарамды байланыс құралдарын пайдалана алады. Алайда, консулдық мекеме консулдық орналасқан мемлекеттің келісімімен ғана радиохабарлағышты орнатады және пайдалана алады.

2. Консулдық мекеменің ресми хат-хабарларына қол сұғылмайды. Ресми хат-хабар түсінігіне консулдық мекемеге және оның қызметіне қатысты барлық хат-хабар жатады.

3. Консулдық вализаны құрайтын барлық орындардың олардың сипатын білдіретін, көзге түсетіндей сыртқы белгілері болуға тиіс және оның ішінде ресми пайдалану үшін ғана арналған ресми хат-хабарлар мен құжаттар немесе заттар болады.

4. Консулдық вализа ашып-қарауға немесе ұстап кідіртуге жатпайды. Алайда консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті өкімет орындары вализада осы баптың 3-тармағында көрсетілген хат-хабарлардан, құжаттардан немесе заттардан өзге нәрсе бар деп жорамалдауға орынды негіздері болған жағдайларда, олар өкілдігін жіберген мемлекеттің уәкілетті өкілінің қатысуымен вализаның ашылуын талап ете алады. Егер өкілдігін жіберген мемлекеттің өкімет орындары бұл талапты орындаудан бас тартса, вализа оны жіберген орынға қайтарылады.

5. Консулдық орналасқан мемлекетте тұрақты тұрмайтын өкілдігін жіберген мемлекеттің азаматы ғана консулдық курьер бола алады. Консулдық курьер консулдық вализаны құрайтын орындардың мәртебесі мен саны көрсетілетін ресми құжатпен жабдықталады. Өз міндеттерін атқару кезінде ол консулдық орналасқан мемлекеттің қорғауында болады, жеке басына қол сұғылмаушылықты пайдаланады және қандай нысанда болмаса да не қамауға алуға, не ұсталуға жатпайды.

6. Өкілдігін жіберген мемлекет, оның дипломатиялық өкілдіктері және консулдық мекемелері арнайы консулдық курьерлерді *ad hoc* тағайындай алады. Мұндай жағдайларда, сондай-ақ осы баптың 5-тармағының ережелері, онда айтылған иммунитеттер осындай курьердің өзіне сеніп тапсырылған консулдық вализаны тиісті жеріне жеткізген сәтінде тоқтатылатынын қоспағанда, қолданылады.

7. Консулдық вализа рұқсат етілген айлаққа немесе әуежайға бағыт алған теңіз немесе әуе кемесінің капитанына тапсырылуы мүмкін. Ол вализаны құрайтын орындар саны көрсетілген ресми құжатпен қамтамасыз етіледі, әйтсе де ол консулдық курьер болып саналмайды. Жергілікті өкіметтің құзыретті органдарымен келісім бойынша консулдық мекеме өз қызметкерлерінің біреуін теңіз кемесінің капитанынан немесе әуе кемесінің командирінен вализаны тікелей және кедергісіз алуға, сондай-ақ оған осындай вализаны табыс етуге жібере алады.

## Консулдық қызмет адамдарының жеке басына қол сұғылмаушылық

1. Консулдық қызмет адамдары құзыретті сот билігінің қаулылары негізінде ауыр қылмыс жасаған жағдайдан басқа реттерде қамауға алуға не алдын ала қамауға алуға жатпайды.

2. Осы баптың I-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, заңды күшіне енген сот қаулыларын орындаудан басқа реттерде, консулдық қызмет адамдарын түрмеге отырғызу және қандай да бір басқа да нысандарда жеке басының еркіндігін шектеу жүргізілмейді.

3. Егер консулдық қызмет адамына қарсы қылмысты іс қозғалса, ол адам құзыретті органдарға келуге міндетті. Соған қарамастан іс жүргізу кезінде оның ресми жағдайына байланысты құрмет көрсетілуі тиіс және осы баптың 1-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, оның консулдық міндеттерін орындауы үшін мейлінше аз кедергі жасалуы керек. Консулдық қызмет адамын осы баптың 1-тармағына сәйкес ұстау қажеттігі туындаған жағдайда, оған қарсы соттық ізге түсу мүмкіндігінше қысқа мерзімде басталуы керек.

### 19-бап

## Юрисдикциядан иммунитет

1. Консулдық қызмет адамдары консулдық орналасқан мемлекеттің қылмыстық, азаматтық және әкімшілік юрисдикциясынан иммунитетті пайдаланады, бұған мынадай :

а) өкілдігін жіберген мемлекет атынан тікелей немесе жанама түрде іс-әрекет етпейтін консулдық қызмет адамы жасасқан шарттан туындайтын;

б) өтемін үшінші бір адам талап етіп отырған, консулдық орналасқан мемлекетте

жол көлігі құралдары, кеме немесе әуе кемесі келтірген зиянның салдарынан туындайтын;

с) егер олар өкілдігін жіберген мемлекет атынан оларды консулдық мақсаттарға пайдалану үшін иемденбейтін болса, консулдық орналасқан мемлекеттің аумағындағы жеке меншік жылжымайтын мүлікке қатысты;

д) олар өсиеттің орындаушысы, мұраға Қалған мүліктің қамқоршысы, мұрагер немесе мұра құқығынан бас тартушы ретінде өкілдігін жіберген мемлекет атынан емес, жеке адам ретінде мұраны иемденуге қатысты;

е) олардың консулдық орналасқан мемлекетте өздерінің ресми міндеттерінен тыс жүзеге асыратын кез келген кәсіби және коммерциялық қызметтеріне жататын азаматтық талаптар қосылмайды.

2. Консулдық орналасқан мемлекет осы баптың 1-тармағында баяндалған ережелерге байланысты атқару шараларын қабылдаған жағдайда, консулдық қызмет адамдарының жеке басына қол сұғылмаушылық және олардың тұрғын үй-жайларына қол сұғылмаушылық бұзылмауға тиіс.

3. Консулдық қызметкерлері мен қызмет көрсетуші персонал қызметшілері осы баптың 1-тармағының (а) және (б)-тармақшаларында баяндалған азаматтық талаптарды қоспағанда өздерінің қызметтік міндетіне қатысты консулдық орналасқан мемлекеттің қылмыстық, азаматтық және әкімшілік юрисдикциясына жатпайды.

## 20-бап

### Куәгерлік жауап беру міндеті

1. Консулдық мекеме қызметкерлері сот немесе әкімшілік істер жүргізу кезінде куәгерлер ретінде шақыртылуы мүмкін. Егер консулдық қызмет адамы жауап беруден бас тартатын болса, онда оған ешқандай да мәжбүрлеу немесе жазалау шаралары қолданылмайды.

2. Консулдық қызмет адамының жауап беруі қажет болған орган бұл адамның өз міндеттерін атқаруына кедергі келтірмеуді болдырмауы тиіс. Ол, мүмкін болған жағдайда сол адамның өз үйінде немесе консулдық мекемеде оның берген жауабын тыңдай алады немесе одан жазбаша жауап қабылдай алады.

3. Консулдық мекеме қызметкерлері өздерінің міндеттерін атқаруына байланысты мәселелер жөнінде жауап беруге немесе өздерінің міндеттеріне қатысты ресми хат-хабарлар мен құжаттарды беруге міндетті емес. Олар сондай-ақ өкілдігін жіберген мемлекеттің заңдарын түсіндіретіндей жауап беруге де міндетті емес.

## 21-бап

### Артықшылықтар мен иммунитеттерден бас тарту

1. Өкілдігін жіберген мемлекет осы Конвенцияның 18, 19 және 20-баптарында көзделген консулдық мекеме қызметкерлерінің немесе олардың отбасы мүшелерінің кез келген артықшылықтары мен иммунитеттерінен бас тарта алады.

2. Осы баптың 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, мұндай бас тарту барлық уақытта айқын білдірілуі тиіс және ол туралы консулдық орналасқан мемлекетке жазбаша нысанда хабарлануы тиіс.

3. Консулдық қызмет адамы немесе консулдық қызметші ]9-бапқа сәйкес юрисдикциядан иммунитетті пайдалана алатын жағдайда іс қозғаса, ол негізгі талапқа тікелей байланысты қандай да бір қарсы талапқа қатысты юрисдикциядан иммунитетіне сілтеме жасау құқығынан айырылады.

4. Азаматтық немесе әкімшілік іске қатысты юрисдикциядан иммунитетінен бас тарту сот шешімінің нәтижесі болып табылатын атқару іс-қимылы иммунитетінен бас тартуды білдірмейді; мұндай іс-қимылдарға қатысты жеке тұрғыдағы бас тарту қажет.

## 22-бап

### Шетелдіктерді тіркеуден және тұруға рұқсат алудан босату

1. Консулдық қызмет адамдары, консулдық қызметшілер және олармен бірге тұрақты түрде тұратын отбасы мүшелері консулдық орналасқан мемлекеттің шетелдіктерді тіркеуге және тұруға рұқсат алуға қатысты заңымен және ережелерімен көзделген барлық міндеттерден босатылады.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелері өкілдігін жіберген мемлекеттің тұрақты қызметшілері болып табылмайтын кез келген консулдық қызметшіге, сондай-ақ осындай қызметшінің кез келген отбасы мүшесіне қолданылмайды.

## 23-бап

### Жұмысқа рұқсат алудан босату

1. Консулдық мекеме қызметкерлері өкілдігін жіберген мемлекет үшін жұмысты орындауға қатысты консулдық орналасқан мемлекеттің шетелдіктерді жұмысқа жалдау туралы заңдары мен ережелері бекіткен жұмысқа рұқсат алуға байланысты кез келген міндеттерден босатылады.

2. Консулдық қызмет адамдарының және консулдық қызметшілердің жеке үй қызметкерлері, егер олар консулдық орналасқан мемлекетте табыс табу мақсатымен басқа ешқандай қызметпен айналыспаса, осы баптың I-тармағында көрсетілген міндеттерден босатылады.

## 24-бап

### Әлеуметтік қамсыздандыруға қатысты алып тастаулар

1. Осы баптың 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, консулдық орналасқан мемлекетте қолданылатын әлеуметтік қамсыздандыру туралы қаулылар, консулдық мекеме қызметкерлеріне және олармен тұрақты түрде тұратын отбасы мүшелеріне олардың өкілдігін жіберген мемлекет үшін жұмысына қатысты қолданылмайды.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген алып тастаулар сонымен бірге консулдық мекеме қызметкерлерінде ғана жұмыста тұратын жеке үй қызметкерлеріне, мынадай жағдайларда:

- a) олар консулдық орналасқан мемлекеттің азаматтары болмаса және онда тұрақты тұрмаса;
- b) оларға өкілдігін жіберген мемлекетте немесе үшінші мемлекетте



қолданылатын әлеуметтік қамсыздандыру туралы ережелер таратылатын болса қолданылады.

3. Осы баптың 2-тармағында көзделген алып тастаулар қолданылмайтын адамдарды жалдайтын консулдық мекеме қызметкерлері, консулдық орналасқан мемлекеттің заңдарына сәйкес жалдаушыларға жүктелетін міндеттерді орындауға тиісті.

4. Осы баптың 1 және 2-тармақтарында көзделген алып тастаулар консулдық орналасқан мемлекеттің әлеуметтік қамсыздандыру жүйесіне ерікті түрде қатысуға, мұндай қатысуға осы мемлекет рұқсат еткен жағдайда, кедергі болмайды.

## 25-бап Салық алулар

1. Консулдық қызмет адамдары мен консулдық қызметшілер, сондай-ақ олармен бірге тұратын отбасы мүшелері жеке басына қатысты және мүліктік, мемлекеттік, аудандық және муниципалдық барлық салықтардан, алымдардан және баж салықтарынан босатылады, бұған мыналар жатпайды:

- a) әдетте тауарлар немесе қызмет көрсетулер құнына қосылатын жанама салықтар;
- b) осы Конвенцияның 15-бабының ережелерінде көзделгендерді есептемегенде, консулдық орналасқан мемлекеттің аумағындағы жылжымайтын жеке меншік мүлікке салынатын алымдар мен салықтар;
- c) осы Конвенцияның 27-бабындағы "b" тармағының ережелерінде көзделгендерді есептемегенде, консулдық орналасқан мемлекет өндіріп алатын мұрагерлік мүлік салықтары немесе мұрагерлік етуге арналған баж салықтары немесе мүлік иесінің алмасуына арналған салықтар;
- d) қызмет көрсетулердің нақты түрлері үшін алынатын алымдар;
- e) осы Конвенцияның 15-бабының ережелерінде көзделгендерді есептемегенде, тіркеу, соттық және тізілімдік баж салықтары, ипотекалық және елтаңбалық алымдар.

2. Қызмет көрсетуші персонал қызметкерлері олардың өз жұмысы үшін алатын еңбек жалақысына салынатын салықтардан, алымдардан және баж салықтарынан босатылады.

3. Консулдық орналасқан мемлекетте еңбек жалақысы табыс салығынан босатылмаған адамдарды жалға алған консулдық мекеме қызметкерлері табыс салығын

өндіріп алуға байланысты осы мемлекеттің заңдары мен ережелері жалдаушыларға жүктеген міндеттемелерді орындайды.

## 26-бап

### Кеден баж салығы мен кеден тексеруінен босату

1. Консулдық орналасқан мемлекет өзінде қабылданған заңдар мен ережелерге сәйкес әкелуге рұқсат етеді және сақтауға, тасымалдауға және осындай қызмет түрлеріне алымдарды қоспағанда, мыналарды барлық кеден баж салықтарынан, салықтардан және осыған байланысты алымдардан босатады:

а) консулдық мекеменің ресми пайдалануына арналған заттар;

б) оның жайғасуы үшін арналған заттарды қоса алғанда, консулдық қызмет адамының немесе онымен бірге тұратын отбасы мүшелерінің жеке пайдалануына арналған заттар. Тұтыну заттарының саны тиісті адамдардың тікелей тұтынуы үшін қажетті саннан аспауы керек.

2. Консулдық қызметшілер олардың бастапқы жайғасуы кезіндегі алып келген заттарына қатысты осы баптың 1-тармағында көзделген артықшылықтар мен еркіндіктерді пайдаланады.

3. Консулдық қызмет адамдарының және олармен бірге тұратын және бірге жол жүріп бара жатқан отбасы мүшелерінің жеке қол жүктері тексерістен босатылады. Егер жүк ішінде осы баптың 1-тармағының, б-тармақшасында көрсетілген басқа заттар немесе консулдық орналасқан мемлекеттің заңдары мен ережелерінде әкелуі мен әкетілуі тыйым салынған заттар немесе оның карантиндік заңдары мен ережелерінің қолданыс аясына түсетін заттар бар деп жорамалдауға орынды негіздер болса ғана қол жүгінің тексерілуі мүмкін. Мұндай тексеріс тиісті консулдық қызмет адамының немесе оның отбасы мүшесінің қатысуымен жүргізілуі тиіс.

## 27-бап

## Консулдық мекеме қызметкерлерінің және олардың отбасы мүшелерінің мұраға қалдырған мүлкі

Консулдық мекеме қызметкері немесе онымен бірге тұратын отбасы мүшесі қайтыс болған жағдайда консулдық орналасқан мемлекет:

а) оның қайтыс болған кезіне дейінгі консулдық орналасқан мемлекетте сатып алынған және әкетуге тыйым салынған мүліктерін қоспағанда, марқұмның жылжымалы мүлкін алып кетуге рұқсат береді;

б) қайтыс болған адамның консулдық орналасқан мемлекетте консулдық мекеме қызметкері немесе оның отбасы мүшесі ретінде осы мемлекетте болуына байланысты ғана консулдық орналасқан мемлекеттегі жылжымалы мүліктеріне ешқандай мемлекеттік, аудандық немесе муниципалдық мұралық салықтар немесе мұрагерлік етуге арналған баж салықтары өндіріліп алынбайды.

### 28-бап

## Жеке міндеткерліктен және салық салудан босату

Өкілдігін жіберген мемлекет консулдық орналасқан мекеменің қызметкерлерін және онымен бірге тұратын отбасы мүшелерін олардың сипатына қарамастан барлық еңбек және мемлекеттік міндеткерліктен, сондай-ақ реквизициялау, контрибуция және әскери мекен-жайда тұру сияқты әскери міндеткерліктен босатуға міндетті.

### 29-бап

## Консулдық артықшылықтар мен иммунитеттердің басталуы және аяқталуы

1. Консулдық мекеменің әрбір қызметкері өзінің тағайындалған орнына барарда

консулдық орналасқан мемлекеттің аумағына оның келген сәтінен немесе егер ол осы мемлекеттің аумағына келіп үлгерген болса, консулдық мекемедегі өзінің міндетін орындауға кіріскен сәттен бастап осы Конвенцияда көзделген артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланады.

2. Консулдық мекеме қызметкерінің онымен бірге тұрып жатқан отбасы мүшелері және оның консулдық орналасқан мемлекеттің аумағында тұрақты тұратын, консулдық орналасқан мемлекеттің азаматы немесе өкілдігін жіберген мемлекеттің азаматы болып табылмайтын жеке үй шаруасындағы қызметкерлері осы баптың 1-тармағына сәйкес оған артықшылықтар мен иммунитеттер берілген сәттен бастап немесе олардың консулдық орналасқан мемлекеттің аумағына келген сәтінен бастап немесе қайсысы бұрын болғанына байланысты оның отбасы мүшелеріне немесе жеке үй шаруасындағы қызметкерлеріне айналған сәтінен бастап осы Конвенцияда көзделген артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланады.

3. Консулдық мекеме қызметкерінің міндеті тоқтағанда оның артықшылықтары мен иммунитеттері, сондай-ақ онымен бірге тұрып қатқан отбасы мүшелерінің немесе оның жеке үй шаруасындағы қызметкерінің артықшылықтары мен иммунитеттері осы адам консулдық орналасқан мемлекеттен кеткен соң немесе мұны істеу үшін ақылға қонымды мерзім өткеннен кейін, осы сәттердің қайсысының ертерек болғанына қарай әдетте тоқтатылады, бірақ осы уақытқа дейін қарулы жанжал болған жағдайдың өзінде де олардың артықшылықтары мен иммунитеттері жүзеге асырыла береді. Осы баптың 2-тармағында аталған адамдарға қатысты, олардың артықшылықтары және иммунитеттері олар консулдық қызметкердің отбасы мүшесі болуын тоқтатқан сәтінен немесе ондағы қызметінен кететін болса онда олардың артықшылықтары мен иммунитеттері тоқтатылады, бірақ мынаны ескеру керек, егер де осы адамдар консулдық орналасқан мемлекеттен ақылға қонымды мерзімде кететін болса, онда олардың артықшылықтары мен иммунитеттері олар кеткенше сақталады.

4. Алайда консулдық қызмет адамының немесе консулдық қызметшінің өз міндетін атқаратын іс-қимылына қатысты юрисдикциядан иммунитеті қандай да болсын мерзіммен шек қоюсыз жалғаса береді.

5. Консулдық мекеме қызметкері қайтыс болған жағдайда онымен бірге тұратын отбасы мүшелері өздеріне берілген артықшылықтар мен иммунитеттерді өздерінің консулдық орналасқан мемлекеттен кетуі сәтіне дейін немесе өздерінің консулдық орналасқан мемлекеттен кетуінің ақылға қонымды мерзімі аяқталғанша, осы сәттердің қайсысының ертерек болатынына қарай, пайдалануын жалғастырады.

## Консулдық орналасқан мемлекеттің заңдары мен ережелерін құрметтеу

1. Артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланатын барлық адамдар өздерінің артықшылықтары мен иммунитеттеріне зиян келтірместен консулдық орналасқан мемлекеттің заңдары мен ережелерін құрметтеуге міндетті. Олар сонымен қатар консулдық орналасқан мемлекеттің ішкі істеріне араласпауға міндетті.

2. Консулдық үй-жайлар консулдық міндеттерді орындаумен сыйыспайтын мақсатта пайдаланылмауға тиіс.

3. Консулдық мекеме, консулдық мекеме қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелері көлік құралдарын сақтандыруға қатысты консулдық орналасқан мемлекеттің заңдары мен ережелерін сақтауға міндетті.

### 31-бап

## Үшінші адамға келтірілген зияннан сақтандыру

Консулдық мекеменің қызметкерлері консулдық орналасқан мемлекеттің үшінші адамына кез келген жол көлік құралын, теңіз немесе әуе кемесін пайдалануға байланысты келтірілген зияннан сақтандыруға қатысты консулдық орналасқан мемлекеттің заңдарымен және ережелерімен көзделетін кез келген талаптарды сақтауы тиіс.

### 32-бап

Табыс алу мақсатында жеке қызметпен шұғылдануға

## қатысты арнаулы ережелер

1. Консулдық қызмет адамдары консулдық орналасқан мемлекетте жеке табыс алу мақсатында қандай да болсын кәсіпкерлік немесе коммерциялық қызметпен шұғылданбауы тиіс.

2. Осы Конвенциядағы көзделген артықшылықтар мен иммунитеттер мыналарға:

а) консулдық орналасқан мемлекетте табыс алу мақсатында жеке қызметпен шұғылданатын консулдық қызметкерлерге немесе қызмет көрсетуші қызметшілерге;

б) осы тармақтың а) тармақшасындағы сөз болған адамның отбасы мүшелеріне немесе оның жеке үй шаруасындағы қызметшілерге;

с) консулдық орналасқан мемлекетте табыс алу мақсатында жеке қызметпен шұғылданатын консулдық мекеме қызметкерінің отбасы мүшелеріне берілмейді.

### 33-бап

#### Консулдық орналасқан мемлекеттің азаматтары және онда тұрақты тұратын адамдар

Консулдық орналасқан мемлекеттің азаматы болып табылатын немесе онда тұрақты тұратын консулдық қызмет адамдарынан басқа консулдық мекеменің қызметшілері, олардың отбасы мүшелері, сондай-ақ жеке үй шаруасындағы қызметшілер оларға консулдық орналасқан мемлекеттің берген дәрежесінде ғана артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланады. Консулдық орналасқан мемлекет, алайда осы адамдарға юрисдикциясын консулдық мекеменің міндеттерін орындауларына кедергі келтірмейтіндей етіп жүргізуге тиіс.

### 34-бап

#### Консулдық міндеттерді орындау

Консулдық міндеттерді консулдық мекемелер орындайды. Осы міндеттерді, сондай-ақ осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес дипломатиялық өкілдіктер де орындайды.

### 35-бап

#### Дипломатиялық өкілдіктердің консулдық міндеттерді орындауы

1. Осы Конвенцияның ережелері дипломатиялық өкілдіктердің консулдық міндеттерді орындаған жағдайында, осы мәтіннен туындайтын дәрежеде қолданылады.

2. Өздеріне консулдық міндеттерді орындау тапсырылған дипломатиялық өкілдік қызметкерлерінің аты-жөні консулдық орналасқан мемлекеттің Сыртқы істер министрлігіне немесе осы министрлік атаған органға хабарланады.

3. Консулдық міндеттерді орындау кезінде дипломатиялық өкілдік консулдық орналасқан мемлекеттің заңдары, ережелері мен салт-дәстүрлері рұқсат ететін белгілі бір шамада консулдық орналасқан мемлекеттің жергілікті, сондай-ақ орталық өкімет орындарына өтініш жасай алады.

4. Осы баптың 2-тармақшасында айтылған дипломатиялық өкілдік қызметкерлерінің артықшылықтары мен иммунитеттері, дипломатиялық қарым-қатынастарға қатысты халықаралық құқықтық нормалармен реттелуі жалғаса береді.

### 36-бап

#### Консулдық міндеттерді консулдық округтің шегінде және шегінен тыс, сондай-ақ үшінші мемлекетте немесе үшінші мемлекеттің атынан орындау

1. Консулдық қызмет адамы осы Конвенцияда көрсетілген консулдық міндеттерді

өзінің консулдық округінің шегінде орындауға құқылы.

2. Консулдық қызмет адамы консулдық орналасқан мемлекеттің келісімімен өзінің консулдық округінің шегінен тыс жерлерде консулдық міндеттерді орындай алады.

3. Өкілдігін жіберген мемлекет тиісті мемлекеттерге хабарлағаннан кейін консулдық орналасқан мемлекетте ашылған консулдық мекемеге консулдық орналасқан мемлекеттің тарапынан айқын білдірілген қарсылық болмаса, онда үшінші мемлекетте консулдық міндеттерді орындауға тапсырма бере алады.

4. Үшінші мемлекеттің өтініші бойынша консулдық орналасқан мемлекетті тиісті түрде ескерткеннен кейін өкілдігін жіберген мемлекеттің консулдық мекемесі, егер консулдық орналасқан мемлекет қарсылық білдірмесе, үшінші мемлекеттің атынан консулдық орналасқан мемлекетте консулдық міндеттерді орындай алады.

### 37-бап

#### Консулдық міндеттер

Осы Конвенцияның басқа баптарындағы ережелерді ескерсек, мыналар консулдық міндеттер болып табылады:

а) халықаралық құқық жол беретін шекте консулдық орналасқан мемлекетте өкілдігін жіберген мемлекеттің, оның азаматтары мен заңды тұлғаларының құқықтары мен мүдделерін қорғау;

б) өкілдігін жіберген мемлекет пен консулдық орналасқан мемлекеттің арасындағы сауда, экономика, мәдениет және ғылыми байланыстарды дамытуға жәрдемдесу, сондай-ақ осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес өзге де жолдармен олардың арасындағы достық қарым-қатынастарды дамытуға жәрдемдесу;

с) барлық заңды жолдармен консулдық орналасқан мемлекеттің сауда, экономика, мәдениет және ғылыми тыныс-тіршілігінің жағдайлары мен оқиғаларын анықтау және бұл туралы өкілдігін жіберген мемлекеттің үкіметіне хабарлау және мүдделі адамдарға мәліметтер беру;

д) өкілдігін жіберген мемлекет азаматтарына паспорттар мен басқа да жол жүру құжаттарын беру, олардың күшін жою және қолданыс мерзімін ұзарту сондай-ақ өкілдігін жіберген мемлекетке баруға тілек білдірген адамдарға визалар немесе тиісті



құжаттар беру;

е) өкілдігін жіберген мемлекеттің азаматтары мен заңды тұлғаларына көмек пен жәрдем көрсету;

ғ) өкілдігін жіберген мемлекет азаматтарының тұрған жерін анықтау үшін, әңгіме олардың игілігі немесе басқа да гуманитарлық түсініктер жайлы болса, консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті органдарынан көмек алу;

г) өкілдігін жіберген мемлекет азаматтарының консулдық орналасқан мемлекеттен жедел кетуіне байланысты төмендегі жағдайларда құқықтарын қорғау:

I) кетуді ниет еткен адамдарға қатысты ерекше жағдайлардың туындауына байланысты әкімшілік немесе сот процедураларының орындалуы;

II) кетуді ниет еткен адамның жол жүруіне байланысты әдеттегі формальдылықтарды орындауы, осы талаптарды орындау кемсітушілік сипатында болмайтын және олар жедел кетуге кедергі болмайтын жағдайда;

h) әкімшілік сипаттағы кейбір міндеттерді, егер бұл орайда ештеңе де консулдық орналасқан мемлекеттің заңдары мен ережелеріне қайшы келмейтін болса, орындау;

i) консулдық орналасқан мемлекеттің заңдары мен ережелеріне сәйкес консулдық орналасқан мемлекеттің аумағында "mortis causa" құқық иелену жағдайында өкілдігін жіберген мемлекет азаматтары мен заңды тұлғаларының мүдделерін қорғау;

j) консулдық орналасқан мемлекеттің заңдары мен ережелері белгілеген шеңберде өкілдігін жіберген мемлекет азаматтары болып табылатын, толық әрекет қабілеттілігі жоқ, кәмелетке толмаған және өзге адамдардың, әсіресе осындай адамдарды қандай да болсын қорғаншылыққа алу немесе қамқоршы болу талап етілсе олардың мүдделерін қорғау;

k) консулдық орналасқан мемлекетте қабылданған практика мен тәртіпті сақтай отырып, консулдық орналасқан мемлекеттің сот және өзге мекемелерінде өкілдігін жіберген мемлекет азаматтарына, егер мұндай азаматтар болмауына немесе басқа да бір себептермен өз құқықтары мен мүдделерін қорғауды дер кезінде жүзеге асыра алмайтын болса, консулдық орналасқан мемлекеттің заңдары мен ережелеріне сәйкес осы азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғайтын алдын алу шаралары туралы ақпарат алу мақсатымен өкілдікті немесе тиісті өкілдікті қамтамасыз ету;

l) қолданыстағы халықаралық келісімдерге сәйкес немесе осындай келісім болмағанда консулдық орналасқан мемлекеттің заңдары мен ережелеріне қайшы келмейтін кез келген өзге тәртіпте өкілдігін жіберген мемлекет кемелері үшін сот және соттық емес құжаттарды беру немесе сот тапсырмасын немесе айғақтарды алып тастау тапсырмасын орындау;

m) өкілдігін жіберген мемлекеттің ұлтын білдіретін кемелерге және осы мемлекетте тіркелген ұшақтарға, сондай-ақ олардың экипажына қатысты консулдық орналасқан мемлекет заңдары мен ережелерінде көзделген қадағалау және инспекциялау құқығын жүзеге асыру;

п) осы баптың м) тармағында айтылған кемелерге және ұшақтарға және олардың экипажына кеме құжаттарын қабылдауда консулдық орналасқан мемлекеттің өкімет орындарының құқықтарына зиян келтірместен жолда болған кез келген оқиғаны тергеу және капитан, команда құрамы мен матростар арасындағы қандай да болсын түрдегі дауды шешуге көмектесу, өйткені бұл өкілдігін жіберген мемлекеттің заңдары мен ережелерінде көзделген;

о) консулдық орналасқан мемлекеттің заңы мен ережелері тыйым салмайтын немесе оларды орындауға консулдық орналасқан мемлекеттің қарсылығы болмаса немесе өкілдігін жіберген мемлекет пен консулдық орналасқан мемлекет арасында қолданылатын халықаралық шарттармен көзделгеніндей өкілдігін жіберген мемлекеттің консулдық мекемесіне жүктелген кез келген басқа да міндеттерін орындау.

## 38-бап

### Консулдық мүмкіндік

1. Консулдық қызмет адамдары өкілдігін жіберген мемлекеттің азаматтарымен еркін қарым-қатынас жасай алады және оларға бару еркіне ие болады. Өкілдігін жіберген мемлекет азаматтарының өкілдігін жіберген мемлекеттің консулдық қызмет адамдарымен қарым-қатынас жасауы мен оларға баруына байланысты осындай еркіндігі бар.

2. Консулдық қызмет адамдары консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті өкімет орындарына өкілдігін жіберген мемлекеттің хабар-ошарсыз жоғалып кеткен азаматтарын іздестіру жөнінде өтініш айта алады.

## 39-бап

## Қамауға алу және сот талқылауына қатысты міндеттер

1. Егер де өкілдігін жіберген мемлекеттің қандай да бір азаматы консулдық округтің аумағында қамауға алынса, онда консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті органдары кейінге қалдырмастан төрт күн мерзім ішінде бұл туралы өкілдігін жіберген мемлекеттің консулдық мекемесіне хабарлайды.

2. Өкілдігін жіберген мемлекеттің қамауға алынған азаматының осы консулдық мекемеге жолдаған қандай да болмасын мәлімдемесін консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті органы тез арада осы консулдық мекемеге береді.

3. Консулдық қызмет адамы өкілдігін жіберген мемлекеттің қамауға алынған азаматына барып шығуға, онымен кездесуге, одан хат-хабар және басқа пошта жөнелтулерін алуға және беруге, сондай-ақ заңды өкілдікпен қамтамасыз ету үшін шара қолдануға құқылы. Осы кездесулердің біріншісіне өтініш берілген соң үш күннің ішінде рұқсат беріледі.

Кейінгі кездесулерге рұқсат уақыттың белгілі бір кезеңдерінен кейін, бірақ кем дегенде екі айда бір рет беріледі.

4. Консулдық қызмет адамы өкілдігін жіберген мемлекеттің қамауға алынған азаматының атынан, егер де осы азамат консулдық қызмет адамының қатысып отырғанда осындай іс-қимылдарға тікелей қарсы болса, онда ол, қандай да болсын шара қолданудан тартынады.

5. Консулдық орналасқан мемлекет қамауға алынған немесе сотқа тартылатын немесе өзге де талқылауға жататын өкілдігін жіберген мемлекет азаматын осы баптың ережелерімен таныстырады, ол туралы қылмыстық іс материалдарына тиісті жазба түсіріледі.

6. Осы бапта қамауға алынған адам деген сілтеме соттық талқылауды күтіп алдын ала қамауда отырған немесе консулдық орналасқан мемлекет аумағында жазасын өтеп жатқан адамды қоса алғанда, қамауға алынған немесе жеке басының еркіндігі қандай да бір нысанда шектеуге ұшыраған адамды меңзейтін сілтемені қамтиды.

7. Осы бапта баяндалған құқықтар консулдық орналасқан мемлекеттің заңдары мен ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады, бұл орайда осы заңдар мен ережелер осы құқықтарға арналған мақсаттарға толық қол жеткізуге жәрдемдеседі.

## Мұрагерлікке байланысты міндеттер

1. Консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті органдары консулдық қызмет адамына, органдарға өкілдігін жіберген мемлекеттің азаматы ретінде белгілі адамның консулдық округтің аумағында қайтыс болғаны туралы ықтимал қысқа мерзімде хабарлайды, сондай-ақ консулдық қызмет адамына мұрагерлік мүліктің, өсиеттің, сондай-ақ консулдық орналасқан мемлекеттің аумағында тұратын немесе өкілі болып табылатын адамның осы мүлікке өкімін жүргізуші болып тағайындалғандығы туралы хабарлайды.

2. Консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті органдары консулдық қызмет адамына өкілдігін жіберген мемлекет немесе құзыретті органдарға өкілдігін жіберген мемлекеттің азаматы ретінде белгілі қандай да бір адамның мұрагер немесе мұралық құқықтан бас тартушы болып табылатын жағдайларда консулдық орналасқан мемлекеттің аумағында қалдырылған мұрагерлік мүлік туралы ықтимал қысқа мерзімде хабарлайды.

3. Егер консулдық қызмет адамы өкілдігін жіберген мемлекет азаматының консулдық орналасқан мемлекеттің аумағында қайтыс болғандығы туралы немесе өкілдігін жіберген мемлекеттің қайтыс болған азаматы қалдырған мұрагерлік мүліктің консулдық орналасқан мемлекеттің аумағында бар екендігі туралы бірінші болып білсе, онда ол бұл туралы консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті органдарына хабарлайды.

4. Консулдық қызмет адамы осы баптың 1, 2 және 3-тармақтарында аталған мұрагерлік мүлік мәселелеріне қатысты, сондай-ақ консулдық орналасқан мемлекеттің заңдары мен ережелеріне сәйкес бұған жол берілетін деңгейде:

а) осы мұрагерлік мүлікті қорғау және сақтауды қамтамасыз ету жөнінде консулдық орналасқан мемлекеттен шаралар қолдануды сұрауға немесе жеке өзі шаралар қабылдауға;

б) осы тармақтың а) тармақшасында айтылатын шаралардың қабылдануына қатысуға немесе қандай да бір өзге де түрде атсалысуға;

с) консулдық орналасқан мемлекетте бола алмайтын және онда өкілі жоқ, бірақ осы мүлікке қатысты заңды мүддесі бар өкілдігін жіберген мемлекеттің азаматының өкілдігін қамтамасыз етуге құқылы.

5. Өкілдікті қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдайтын осы баптың 4 с) тармағына сәйкес жағдайларда осы өкілдік осындай жолмен өкілеттік алған адам өзінің жеке өкілдерін тағайындаған немесе өзінің құқықтары мен мүдделерін қорғайтын жауапкершілікті өзіне алған уақытқа дейін жұмыс істейді.

6. Егер де өкілдігін жіберген мемлекеттің қандай да бір азаматы консулдық орналасқан мемлекеттің аумағында уақытша болу кезеңінде қайтыс болса, және де осы

мемлекетте тұрақты тұрғын орны болмаса, консулдық қызмет адамы өкілдігін жіберген мемлекеттің заңын ескере отырып, қайтыс болған адамның құжаттарына, ақшаларына және басқа да жеке мүлкіне, консулдық орналасқан мемлекет аумағында осындай құжаттарға, ақшаларға немесе жеке мүлкіне талап қоюға құқығы бар адамдар болмаған жағдайда, иелік етуге және өкім жүргізуге кірісе алады. Уақытша иемдену құқығы консулдық орналасқан мемлекеттің заңдары мен ережелеріне сәйкес тиісті түрде тағайындалған өкім жүргізушіге немесе өзге де уәкілетті адамға беріледі.

7. Өкілдігін жіберген мемлекет пен консулдық орналасқан мемлекет мұрагерлікті беруде:

а) мұрагерлік мүліктің бір бөлігі болып табылатын заттарды әкетуге және әкелуге, осы заттарды әкетуге және әкелуге мемлекеттердің заңдары мен ережелері тікелей тыйым салмаған жағдайларда, олардан әкелуге немесе әкетуге рұқсат талап етілетін мүліктерге рұқсат беру жолымен;

б) осы тармақтың а) тармақшасының ережесіне сәйкес әкетілмейтін мұрагерлік мүліктің кез келген бөлігін сатуға рұқсат беру жолымен;

с) сыйақыны, салықты және баж салығын алып тастап осындай сатудан кейін мұра құқығынан бас тартушы адамға ол тұратын мемлекетте өкілдігін жіберген мемлекеттің валютасымен немесе еркін өтімді валютамен таза табысты аударуға рұқсат беру жолымен бірлесіп іс-қимыл жасайды.

8. Консулдық қызмет адамы өкілдігін жіберген мемлекет азаматының атынан егер де осындай азамат консулдық орналасқан мемлекеттің аумағында жоқ болып шықса, жазатайым болған оқиғаларға байланысты өтемақы төлеу туралы, сондай-ақ өмірді сақтандыруға байланысты сақтандыру полисі бойынша төлемдер туралы заңдарға сәйкес жасалған мұрагерлік мүлікті, төлемдерді қоса алғанда, аталған азамат кез келген азаматтың қайтыс болуына байланысты құқығы бар ақша немесе өзге меншікті соттан, өкімет орындарынан немесе жеке кісілерден ала алады.

#### 41-бап

Азаматтық және азаматтық хал актілерін  
тіркеу мәселелері жөніндегі міндеттер

1. Консулдық қызмет адамы:

1) өкілдігін жіберген мемлекет заңдарына сәйкес азаматтық мәселесі жөнінде

өтініш алуға;

2) өкілдігін жіберген мемлекет азаматтарының есебін жүргізуге;

3) өкілдігін жіберген мемлекет заңдарына сай өкілдігін жіберген мемлекет азаматтарының тууын, қайтыс болғандығын және некелердің жасалуы мен бұзылуын, тегінің, атының, әкесінің атының өзгеруін, әкелігінің анықталуын, өкілдігін жіберген мемлекеттің азаматтарын асырап алуды тіркеуге және, егер бұл консулдық орналасқан мемлекеттің заңдарына қайшы келмесе тиісті куәліктер беруге құқылы.

2. Осы баптың I -тармағының ережелері мүдделі адамдарды консулдық орналасқан мемлекеттің заңдары мен ережелерін сақтау міндетінен босатпайды.

#### 42-бап

### Нотариаттық куәландыру және ресмилендіру

1. Өкілдігін жіберген мемлекеттің заңдары мен ережелеріне сәйкес консулдық қызмет адамы:

1) кез келген адамның өтініші бойынша, оның азаматтығына қарамастан, оған өкілдігін жіберген мемлекетте пайдалану үшін, егер де осындай құжаттар беру консулдық орналасқан мемлекеттің заңы мен ережесіне қайшы келмейтін болса, әр түрлі құжаттар беруге;

2) өкілдігін жіберген мемлекет азаматтарының өтініші бойынша оларға консулдық орналасқан мемлекетте немесе одан тысқары жерлерде пайдалану үшін, егер де осындай құжаттар беру консулдық орналасқан мемлекеттің заңы мен ережелеріне қайшы келмейтін болса, әр түрлі құжаттар беруге;

3) құжаттарды өкілдігін жіберген мемлекеттің немесе консулдық орналасқан мемлекеттің ресми тіліне аударуға және осы аударманың дұрыстығын куәландыруға;

4) өкілдігін жіберген мемлекеттің немесе консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті өкімет орындары берген құжаттарды ресмилендіруге;

5) өкілдігін жіберген мемлекет азаматтарының өсиеттерін жасауға, куәландыруға және сақтау үшін қабылдауға;

6) өкілдігін жіберген мемлекет азаматтарының арасындағы актілер мен мәмілелерді жасауға және куәландыруға, өйткені мұндай актілер мен мәмілелер консулдық орналасқан мемлекеттің заңдарына қайшы келмейді және жылжымайтын мүлікке құқықтарды сатып алу мен тапсыруға қатысы жоқ;

7) өкілдігін жіберген мемлекет азаматтарының, бір жағынан және басқа мемлекеттер азаматтарының екінші жағынан, арасындағы актілер мен мәмілелерді жасауға және куәландыруға, өйткені бұл актілер мен мәмілелердің өкілдігін жіберген мемлекеттегі мүлік немесе құқықтарға ғана қатысы бар және осы мемлекеттегі бұл актілер мен мәмілелер консулдық орналасқан мемлекеттің заңдарына қайшы келмейтін жағдайда, қарауға жататын істерге қатысты болады;

8) өкілдігін жіберген мемлекет азаматтарының әр түрлі құжаттардағы қойған қолдарын куәландыруға;

9) егер де бұл консулдық орналасқан мемлекеттің заңдарына қайшы келмейтін болса, өкілдігін жіберген мемлекет азаматтарының мүлкі мен құжаттарын сақтау үшін қабылдауға;

10) егер де бұл консулдық орналасқан мемлекеттің заңдарына қайшы келмейтін болса, өкілдігін жіберген мемлекеттің заңдарында көзделген басқа да нотариаттық міндеттерді орындауға құқылы.

2. Консулдық қызмет адамының осы баптың 1-тармағына сәйкес жасаған, куәландырған немесе аударған құжаттары, консулдық орналасқан мемлекетте осы құжаттардың консулдық орналасқан мемлекеттің заңдарына сәйкес болуы жағдайында, олар консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті өкімет орындары және мекемелері жасаған, куәландырған немесе аударған құжаттары іспеттес сондай құқықтық мағынасы мен дәлелді күші бар құжаттар сияқты қаралады.

Егер де бұл консулдық орналасқан мемлекеттің заңдары бойынша қажет болған жағдайда, құжаттар ресмилендірілуге тиіс.

#### 43-бап

#### Қорғаншылық пен қамқоршылыққа қатысты міндеттер

1. Консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті органдары оларда тиісті ақпарат болған жағдайда қорғаншылық пен қамқоршылықты тағайындау кәметке толмаған жасөспірімнің немесе еңбек ету қабілеті шектелген және өкілдігін жіберген мемлекеттің азаматы болып табылатын басқа адамның мүддесіне жауап беретін кез келген жағдай туралы құзыретті консулдық мекемеге кідіртпей хабарлауға міндетті.

2. Консулдық қызмет адамы консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті органдарына кәметке толмаған жасөспірімге немесе еңбек ету қабілеті шектелген

және өкілдігін жіберген мемлекеттің азаматы болып табылатын басқа адамдарға қорғаншыны немесе қамқоршыны тағайындау үшін адамдарды ұсынуға құқылы.

#### 44-бап

### Кемелерге көмек беру

1. Консулдық қызмет адамы консулдық орналасқан мемлекеттің айлағында немесе өзге зәкір тұрағында тұрған немесе консулдық орналасқан мемлекеттің ішкі және аумақтық суларындағы өкілдігін жіберген мемлекеттің кемесіне тиісті көмек және қолдау көрсетуге құқығы бар.

2. Консулдық қызмет адамы консулдық орналасқан мемлекеттің заңдары мен ережелеріне сәйкес кеме капитаны және экипаж мүшелерімен кемеде және басқа кез келген жерде кездесуге және қарым-қатынас жасауға құқылы.

3. Консулдық қызмет адамы консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті органдарына өтініш жасайды және олардан өкілдігін жіберген мемлекеттің кемесіне байланысты, сондай-ақ кеме капитаны, экипаж мүшелері және жүкке қатысты барлық мәселелерде өзінің міндеттерін жүзеге асыруға қолдау көрсетуін сұрай алады.

#### 45-бап

### Капитан мен экипажға көмек көрсету

1. Төменде айтылған іс-қимылдар консулдық орналасқан мемлекеттің заңы мен ережелеріне қайшы келмейтіндей деңгейде консулдық қызмет адамының:

а) өкілдігін жіберген мемлекет кемесінің бортында болған қандай да болмасын қақтығыстарды тергеуге, осындай қақтығысқа байланысты кеме капитанынан және экипаж мүшесінің кез келгенінен жауап алуға, кеме құжаттарын тексеруге, кеме рейсі



мен оның баратын жеріне қатысты ақпарат алуға, сондай-ақ кемең келуіне және кетуіне және оның айлақта болуына байланысты көмек көрсетуге;

b) еңбек ақысы мен еңбек шарттарына қатысты дауларды қоса алғанда, капитан мен экипаж мүшелері арасындағы дауларды шешуге;

c) капитанды немесе экипаж мүшелерін жалдауға және жұмыстан шығаруға байланысты формалдылықты орындауға;

d) капитанды, экипаж мүшелерін немесе кеме жолаушыларын медициналық қызмет көрсетумен қамтамасыз етуге және олардың өкілдігін жіберген мемлекетке қайтуына шара қолдануға;

e) өкілдігін жіберген мемлекеттің кемесіне немесе оның жүгіне қатысты өкілдігін жіберген мемлекеттің заңдары мен ережелерінде көзделген кез келген өтінішті немесе өзге де құжатты алуға, жасауға, куәландыруға немесе олардың қолданыс мерзімін ұзартуға;

f) сауда кеме қатынасына қатысты өкілдігін жіберген мемлекеттің заңдары мен ережелерін қолдану үшін басқа да шаралар қабылдауға құқығы бар.

2. Консулдық қызмет адамы консулдық орналасқан мемлекеттің заңдары мен ережелеріне сәйкес кемең капитанына немесе кез келген экипаж мүшесіне көмек көрсету үшін консулдық орналасқан мемлекеттің сотында немесе басқа да органдарында олармен бірге болуға құқығы бар.

#### 46-бап

### Кеме бортында тергеу жүргізілуіне байланысты мүдделерді қорғау

1. Егер консулдық орналасқан мемлекеттің соттары немесе басқа құзыретті органдары өкілдігін жіберген мемлекеттің консулдық орналасқан мемлекеттің ішкі суларында, аумақтық суларында немесе ішкі су жолдарында тұрған кемесіне қатысты мәжбүрлеу шараларын қолдануға немесе оның бортында тергеу жүргізуге ниеттенген болса, онда консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті өкімет орындары бұл туралы консулдық қызмет адамына оның осындай шараларды қолдану кезінде қатысуға мүмкіндігі болуы үшін алдын ала хабарлайды. Егер консулдық қызмет адамы осындай шараларды қолдану кезінде қатыса алмаса, онда консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті органы оның өтініші бойынша оған бұл жайлы жазбаша нысанда мәлімдейді.

Егер қабылдауға тиісті шараның шұғыл сипаты, консулдық қызмет адамына алдын ала ескертпе жолдауға мүмкіндік бермесе, консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті органдары консулдық қызмет адамының тиісті өтініші болмағанының өзінде консулдық қызмет адамына осы факті мен қабылданған шаралар туралы жазбаша нысанда ақпарат береді.

2. Осы баптың I-тармағының ережелері консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті органы өкілдігін жіберген мемлекеттің кеме капитанын немесе экипаж мүшелерінің қайсысын болсын кемеге қатысты мәселе бойынша жағалауға жауап беруге шақырғанда да қолданылады.

3. Өкілдігін жіберген мемлекеттің консулдық қызмет адамының немесе кеме капитанының өтініші немесе рұқсаты бойынша жүзеге асырылатын жағдайларды қоспағанда, консулдық орналасқан мемлекеттің сот немесе басқа құзыретті органдары консулдық орналасқан мемлекеттің тыныштығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты заңдар мен ережелер бұзылмайтын жағдайда кемеге байланысты өкілдігін жіберген мемлекеттің кеме бортында экипаж мүшелері арасындағы қарым-қатынасқа, еңбек қатынасына, кеме бортындағы тәртіпке және басқа ішкі сипаттағы шараларға қатысты мәселелерде кемеің ішкі ісіне араласпайды.

4. Осы баптың ережелері кеден тексеруіне, паспорт және санитарлық бақылауға байланысты әдеттегі шараларға және консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті органдарының теңіздегі кеме жүзуі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге немесе суларды ластауды болдырмауға бағытталған басқа да шараларына қолданылмайды. Осы бап көп жақты шарттардан туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттерін қозғамайды.

#### 47-бап

#### Кеме бүлінген жағдайда көмек беру

1. Егер де өкілдігін жіберген мемлекеттің кемесі консулдық орналасқан мемлекеттің ішкі немесе аумақтық суларында апатқа ұшыраса, қайраңға отырып қалса немесе өзгеше түрде зардап шексе, консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті органдары ықтимал қысқа мерзімде бұл жайлы консулдық қызмет адамына хабарлайды, оған жолаушыларды, экипажды, кемеі және оның мүлкін құтқару үшін қабылданған шаралар туралы мәлімдейді.

2. Консулдық қызмет адамы өкілдігін жіберген мемлекеттің кемесіне, оның экипаж

мүшелеріне және өкілдігін жіберген мемлекеттің азаматтары болып табылатын кеме жолаушыларына көмек бере алады немесе консулдық орналасқан мемлекеттен осындай көмек беруді сұрауы мүмкін.

3. Егер де өкілдігін жіберген мемлекеттің кеме иесі, капитаны немесе басқа уәкілетті адамы кеме мені немесе жүкті күзетуге және құтқаруға немесе оған билік етуге қажетті шараларды қабылдауға мүмкіншілігі болмаса, өкілдігін жіберген мемлекеттің консулдық қызмет адамы кеме менің иесі атынан осындай жағдайда кеме немесе жүк иесі қабылдайтындай шара қабылдайды немесе консулдық орналасқан мемлекетке осындай шара қабылдауды сұрап өтініш жасайды.

4. Осы баптың 1, 2 және 3-тармақтарының ережелері өкілдігін жіберген мемлекеттің немесе үшінші мемлекеттің азаматына тиесілі мүлікке және консулдық орналасқан мемлекеттің суларында немесе жағалауында табылған немесе консулдық орналасқан мемлекеттің айлағына жеткізілген мүлікке қатысты қолданылады.

5. Консулдық орналасқан мемлекеттің құзыретті органдары консулдық қызмет адамына өкілдігін жіберген мемлекеттің кемесін құтқаруға байланысты шара қолдануы кезінде барлық қажетті көмек береді.

6. Өкілдігін жіберген мемлекеттің бұзылған кемесі, сондай-ақ оның жүгі мен мүлкі консулдық орналасқан мемлекетте кеден салықтарынан, алымдардан және баж салығынан, кеме мен оның жүгі осы мемлекетте баж салығын өтеу үшін қалдырылған жағдайды қоспағанда, босатылады.

#### 48-бап

### Әуе кемелеріне қатысты міндеттер

Осы Конвенцияның 44-47-баптары азаматтық әуе кемесіне қатысты екі мемлекет тараптары болып табылатын азаматтық авиация жөніндегі кез келген халықаралық келісімге қайшы келмейтіндей деңгейде қолданады.

#### 49-бап

## Консулдық орналасқан мемлекет органымен

### қарым-қатынас жасау

Консулдық қызмет адамдары өз міндеттерін орындау барысында:

- а) өзінің консулдық округінің құзыретті органдарына;
- б) консулдық орналасқан мемлекеттің заңдары, ережелері және әдет-ғұрпы немесе тиісті халықаралық шарттар рұқсат беретін деңгейде, консулдық орналасқан мемлекеттің орталық құзыретті органдарына өтініш жасай алады.

### 50-бап

#### Консулдық алымдар

1. Консулдық мекеме консулдық орналасқан мемлекеттің аумағында консулдық алымдар жинауға, сондай-ақ консулдық қызмет көрсетуге байланысты қосымша шығындардың орнын толтыруға сомалар алуға құқығы бар.

2. Осы баптың I-тармағында аталған сомалар және осындай сомалар алынғаны туралы түбіртек консулдық орналасқан мемлекетте барлық салықтан, алымдардан және баж салықтарынан босатылады.

3. Консулдық орналасқан мемлекет консулдық мекемеге осындай түрде жиналған сомаларды өзінің ресми банк шотына салуға рұқсат береді.

### 51-бап

#### Консулдық мекеме қызметкерлерінің міндетін тоқтату

Консулдық мекеме қызметкерінің міндеті мына жағдайда тоқтатылады, атап айтқанда:

- а) өкілдігін жіберген мемлекеттің консулдық орналасқан мемлекетке оның

міндетінің тоқтатылатыны туралы мәлімдемесі бойынша;

б) 3-бапқа сәйкес консулдық орналасқан мемлекет берген экзекватураның немесе өзге рұқсаттың күшін жойғанда;

с) өкілдігін жіберген мемлекеттің консулдық орналасқан мемлекетке консулдық орналасқан мемлекеттің оны консулдық персоналдың қызметкері ретінде есептемейтіндігі туралы мәлімдемесінен кейін.

## 52-бап

### Консулдық орналасқан мемлекеттен кету

Консулдық орналасқан мемлекет қарулы қақтығыс жағдайының өзінде консулдық орналасқан мемлекеттің азаматтары болып табылмайтын консулдық мекеменің қызметкерлеріне және жеке үй қызметшілеріне немесе оның аумағында тұрақты тұратын шетелдіктерге, сондай-ақ олармен бірге тұратын отбасы мүшелеріне, олардың азаматтығына қарамастан, тиісті қызметкерлер міндеттерін тоқтатқаннан кейін олардың мүмкіндігінше тезірек кетуіне әзірленуге және кетуіне қажетті уақыт пен жағдай жасауға міндетті. Атап айтқанда, олар қажет болған жағдайда олардың өзіне немесе олардың консулдық орналасқан мемлекетте сатып алынған оны кетер кезінде әкетуге тыйым салынбаған мүлкіне қажетті көлік құралдарын беруге тиіс.

## 53-бап

### Консулдық үй-жайларды және архивтерді, сондай-ақ ерекше жағдайларда өкілдігін жіберген мемлекеттің мүддесін қорғау

1. Уағдаласушы Тараптардың арасындағы консулдық қатынастар үзілген жағдайда:

а) консулдық орналасқан мемлекет қарулы қақтығыс болған жағдайдың өзінде консулдық үй-жайларды сондай-ақ консулдық мекеменің мүлкін және консулдық

архивті күзетуге міндетті;

б) өкілдігін жіберген мемлекет консулдық үй-жайды, сондай-ақ ондағы бар мүлікті және консулдық архивті консулдық орналасқан мемлекетке қолайлы үшінші мемлекетке күзетуге сеніп тапсыруы мүмкін;

с) өкілдігін жіберген мемлекет өз мүддесін және өз азаматтарының мүддесін консулдық орналасқан мемлекетке қолайлы үшінші мемлекетке қорғауға сеніп тапсыруы мүмкін.

2. Консулдық мекемені уақытша немесе мүлдем жабу жағдайында осы баптың I-тармағының а) тармақшасының ережелері қолданылады. Бұдан басқа:

а) егер де өкілдігін жіберген мемлекеттің консулдық орналасқан мемлекетте дипломатиялық өкілдігі болмаса, бірақ осы мемлекеттің аумағында басқа консулдық мекемесі бар болса, консулдық орналасқан мемлекеттің келісімімен осы консулдық мекемеге осы консулдық мекеменің округінде консулдық міндеттерді атқару, жабық тұрған консулдық мекеменің үй-жайын, ондағы бар мүлкін және консулдық архивін күзетуге сеніп тапсыруы мүмкін; немесе

б) егер де өкілдігін жіберген мемлекеттің консулдық орналасқан мемлекетте дипломатиялық өкілдігі немесе басқа консулдық мекемесі болмаса, осы баптың I-тармағының б) және с) тармақшаларының ережелері қолданылады.

#### 54-бап

#### Толықтырулар мен өзгертулер

Қажет болған жағдайда Тараптар өзара келісім, осы Конвенцияның мәтініне өзгертулер мен толықтырулар енгізе алады, олар осы Конвенцияның 55-бабында көзделген процедураға сәйкес күшіне енеді.

#### 55-бап

#### Күшіне енуі және қолданыс мерзімі

1. Осы Конвенция бекітілуге жатады және Тараптар барлық қажетті ішкі мемлекеттік процедураларды орындағаны туралы жазбаша хабарлама алғаннан кейін отызыншы күні күшіне енеді.

2. Осы Конвенция Уағдаласушы Тараптардың бірі дипломатиялық арналар

арқылы екінші Уағдаласушы Тарапқа осы Конвенцияның қолданысын өзінің тоқтататын ниеті туралы жазбаша хабарлаған күннен бастап алты ай өткенге дейін күшінде болады.

Алматы қаласында 1997 жылғы 11 қарашада екі дана болып, әрқайсысы қазақ, грузин және орыс тілдерінде жасалды, сондай-ақ барлық мәтіннің күші бірдей.

Осы Конвенцияның ережелерін түсіндіруде пікір алшақтығы туған жағдайда орыс тіліндегі мәтін қолданылады.

Қазақстан Республикасы үшін

Грузия үшін

Қазақстан Республикасы мен Грузия арасындағы  
Консулдық конвенцияның қазақшаға аударылу сапасы жөнінде  
Қорытынды

Қазақстан Республикасы мен Грузия арасындағы Консулдық конвенцияны мемлекеттік тілге аудару барысында тәржімаға қойылатын терминологиялық, стилистикалық және грамматикалық талаптар негізінен сақталған. Дегенмен алдағы уақытта осындай мемлекетаралық құжаттар жасала қалған жағдайда ескеретін бірен-саран ескертпелеріміз бар.

Құжаттың 1, 14, 53-баптарында кездесетін "архив" деген сөзді Мемтерминкомның "мұрағат" деп бекіткені белгілі. 37-баптағы "паспорт", 37, 54, 56-баптардағы "процедура" деген терминдердің де баламалары табылған. Әсіресе 17-бапта жиі кездесетін "консулдық вализа" деген тіркеске лайықты балама тапқан жөн болар еді. 31-баптағы "третьим лицам" деген тіркесті міндетті түрде "үшінші бір тұлғаларға" деп алу керек, өйткені бұл бапта

әңгіме адамдар жайында болып отырған жоқ.

Осындай олқылықтары болғанымен, Конвенцияға ертеректе қол қойылып кеткенін ескере отырып, оны Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының қарауына ұсынуға болады деп есептейміз.

Редакциялық-баспа  
бөлімінің меңгерушісі

Мамандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.